

**"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агрохимия қызметі республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 23 қаңтар N 83

"Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 тамыздағы N 864 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агрохимия қызметі республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) құрылсын.

2. Мекеме қызметінің негізгі мәні топыраққа агрохимиялық зерттеу жүргізу жөніндегі топырақ-агрохимиялық зертханалардың қызметіне орталықтандырылған ғылыми-әдістемелік басшылықты жүзеге асыру және тыңайтқыштар мен агрохимикаттарды ұтымды қолдану жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) Мекеменің жарғысын бекітсін;
- 2) Мекеменің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 3) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

4 . < \* >

*Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысымен .*

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*